

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Кестеге өрнектелген бейнелер

Оюменен ой айтып, сүйгеніне көңілін кестемен жеткізген қазақ танымындағы киелі мағына жасырылған сан өрнектің құпиясы ілгерілеген кезеңдерге ілескенімен, ішке бүккен сырын жайып салуға асықпай келеді. Мың өрнекті дестелеген кесте өнерінің дәл қай дәуірде пайда болғаны белгісіз, бірақ тарихтың атасы Геродоттың дерегіне қарағанда, антикалық замандағы гректер мен римдіктерден де бұрын алтын жіппен зерленген өрнекті киім алғаш сақтардың жағасы мен өңірінен жалтылдап қылаң берген екен. Әр өрнегіне сыр тұнып, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан қолөнердің бұл түрі, рас, бүгінде әйелдердің ермегі болып есептеледі.

Ою-өрнек түрінде дәріптеліп келе жатқан дәстүрлі кесте өнері бүгінгі уақыт көшіне ілескенде кәсіби сипат алып, жаңа талғам тұрғысынан дамытынын ол шақта ешкімнің болжай қоймағаны белгілі. Ең ғажабы, ер адамның кесте тіккенін де ел әлі естімеген еді. Тоқсаныншы жылдары тәуелсіздік ұғымымен бірге талай жаңалық таңырқай қабылданатын тұста кешегі қалыптасқан түсініктің бәрі күл-талқан болып, заманауи ортаның өз талабы ентелей орнығып жатқанда, бейнелеу өнері мен кесте өнерін үйлесімді дамытуды қолға алып, жаңа бағыттың ізашары болып таныла бастаған Зейнелхан Мұхамеджанның кесте тігетін өнерін де атажұрт аңтарыла қабылдады.

Зейнелхан Мұхамеджан Моңғолияда туып-өсті. Жастық шағы да сонда өтті. Көз майын сарқа тауысып, қолмен тіккен кесте өнерінің үлгілері кеңестің өндірісте тоқылған арзанқол бұйымдарымен алмасып, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап-ақ қазақ елінде қолданыстан қалып, көмескі тарта бастағаны есімізде. 2000 жылдардың басына дейін кесте өнері көзден біржола ғайып болды десек те, шындықтан ауытқымаймыз. Жоғалуға шақ қалған бұл өнердің небір ғажайып үлгілері қиыр жайлаған қандастар атамекенге қоныс аударғанда, шынайы шеберлермен бірге келді. Табиғи төлтума өнерді тұрмыстық қажеттілік ретінде күнделікті тіршілікте қолданылатыны қарапайым бұйымдарының өзінен білініп тұратын. Шаруадан қолы босай қалғанда, жағалай отырып, әндетіп кесте тігетін анасы мен әпекелерінің жанында ойнап жүріп-ақ қызылды-жасылды жіптердің геометриялық пішін құрап, қалай өрнек салатынын Зейнелхан бала күнінен көріп өсті. Мектеп бітіргеннен кейін де ол Ұланбатыр қаласындағы көркемсурет училищесінде арнайы білім алып, алдымен бейнелеу өнерінің теориясын меңгеріп шықты. Кесте тігу өнерін кәсіби деңгейде меңгерудің барлық алғышарты сол кезеңде қалыптасып қойған болуы керек, кейінірек ден қойғанында көп қиындық тудырған жоқ.

1986 жылы ол Моңғолия Суретшілер одағының қолдауымен Баян-Өлгей аймағында суретші-безендіруші болып жұмысқа қабылданады. Осы жылы Моңғолия жас суретшілерінің республикалық көрмесі өтіп,

ұлттық натюрморт тақырыбындағы жұмысын көрмеге жібереді. Көрмеге қойылған туындыларды сараптаған орыстың белгілі өнер зерттеушісі Зейнелханның бұл туындысын «ерекше жұмыс» деп бағалап, Мәскеуден шығатын «Декоративное искусство» журналында мақтап, мақала жариялайды. Алғаш кестелеп тіккен сол картинасы қазір Моңғолияның ұлттық музейінде сақтаулы тұр. Мұндай биік бағалаудан кейін әр істі бір қолға алып, ізденіс жолында жүрген Зейнелхан басқа тірліктің бәрін тастап, «өз жолымды таптым» деп кесте өнерімен шындап шұғылдануды қолға алады. «Осыны кәсіп етіп көрсем қайтеді?» деген ойын келіншегіне айтқанда, Гүлжан да бұл ойын құп алып, іштей қадамының сәтті басталғанын тілеп, еріне түрлендіріп кесте тігудің небір техникасын үйретеді. Ине ұстап үйренген әйелдің қолындай нәзік емес, алғашында күректей қолдың икемге келуі оңай болмады. Ақыры жарының жанында сағаттап отырып, түрлі түсті жіппен сиқыр жасаудың сырын меңгере бастағанда ғана санасында тұнып тұрған ой-қиялын дәл осы біз кесте арқылы бейнелей алатынын, мұның өнерде өзіндік орын иеленетін жаңа бағыт болатынын толық түйсінді.

Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халыққа ортақ өнер болғанымен, қазақтың ұлттық кесте өнерінің түрі де көп, әдісі де әр алуан. Біз кесте, шым кесте, әредік кесте, айқас тігу, айқұш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу сияқты түрлі тәсілі байырғы заманнан бері бір жібі де қисаймастан, өз сән-келбетін сақтап келеді. 3. Мұхамеджанның дамытып жүргені – дөңгелек немесе төртбұрышты қалыптағы кергіш ағашқа керілген матаның бетіне салынған ою-өрнек суретті қуалап отырып, қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленетін біз кесте. Алғаш кесте өнерімен айналыса бастағанда, ол бағдар етіп үйренетін, көз салатын, тәжірибе толыстыратын ешнәрсе болмады. Қиналса да, бір жұмысын тәмамдап, екіншісін қолға алып, оны бастағанда алдыңғы жұмыста жіберген қателігін қайталамауға тырысып, жұмыс үстінде үйрене отырып, қалыптаса бастады. Суретшінің кәсіби айналысуының арқасында кестелеу өнерінің ұмытыла бастаған көне өрнектері қайта жаңғырды. Кесте өнерін жетілдіруді қолға алғалы Қазақстан Қолөнершілер одағының демеуімен өзі де облыс орталықтарына барып, шеберлік сабағын ұйымдастырып, жүздеген шәкіртті осы өнерге баулып келеді. Ұлттық құндылықтар шөміштен қағылып, шетқақпай болған уақытта олардың бәрі кестеші болып кетпес, бірақ қағажу көрген өнердің қатарға қайта қосылып, шығармашылыққа бейім жастардың осы өнерге қызығуының өзі – Зейнелхан еңбегінің жемісі.

Суретшінің қолы, қиялы және жүрегі бірге жұмыс істесе ғана тамаша дүние шығады. Бояу езгендей, түрлі жіпті қосып отырып, керекті түсті таңдап шығару үшін шығармашылық сезімталдық керек. Зейнелханның тігетін кестесі киіз үйдің ішінде ілулі тұратын тұскиіздің өрнегінің аясында десек қателесеміз, бұл балаң өрнектерден ол баяғыда-ақ заманауи модерн стиліндегі мағынасы күрделі, бейнелеу өнерінің кең ауқымды полотноларын кестелеуге көшкен. Бейнеленген нақты

персонажды былай ысырып қойып, арғы жағындағы таңдалған жіптер түсінің гаммасымен жиекке дейін көмкеріліп жатқан жалпы көріністің өзі жеке шығармашылық туынды секілді күшті әсер береді.

Кесте өнерінің қиындығы, адамның шыдамы мен сабыры шыңдалады. Жан дүниесімен беріліп, махаббатпен жасайтын өнер болғаннан кейін барлық қиындығына төзіп келеді. Сондай-ақ кесте тіккенде бояу мен түстің түпсіз терең сиқырына сүңги отырып, бір мезет жүрегінің шамын жағып, өз ішіне үңіліп, оңашадағы үнсіздік патшалығында өзімен-өзі сырласады. Идея кейде шабытпен, кейде қажеттіліктен келеді. Кей жұмыстың тақырыбы оқыстан туса, әлдекімнің қызықты әңгімесі де ойға түрткі болып, толғанысқа түсетін кезі жоқ емес. Сондайда сонау кеңістіктен бұлдыр-бұлдыр бір сюжеттің желісі елес беріп, уақыт өте келе айқындала түседі. Сол кезде қолына қарындаш алып, қиялындағыны қағазға түсіре бастайды. Суретші орташа картиналарын жазуға кемі екі-үш ай уақыт жұмсалса, ең үлкен туындысын бір жылға жуық тоқыған кезі болған. Асқан төзімділігінің арқасында осы уақытқа дейін ол 300-ге жуық туындының авторы атанды.

Зейнелхан Мұхамеджанның өнерге келгендегі асыл мұраты – Тәңірінің қалауымен түркі жұртына мирасқа қалған ұлы даланың тарихын жырлау. Өзі де тарихи Отанынан жырақта, жүрегі сағыныш пен мұңға толып, ішкі толғанысын табиғаттың күй-сырымен үйлесімде ұстауды үйренген Зейнелхан суретшіге көшпелілер өмірінен қол үзбеген дала тынысы жақын. Даланың төсін солқылдата шапқан сәйгүліктермен бірге байтақты кезіп, жауыны, бораны болып қайта оралады. Дәстүр мен тарихты байланыстырған бұл сарын суретшінің «Күлтегін», «Ту ұстаушы», «Қобыз – аңыз», «Дала дүбірі», «Атамекен», «Бүркітші», «Ұлы дала» секілді туындыларында тұнып тұр. Суретші өз шығармашылығында қазақтың дәстүрлі танымы мен аңыз-әпсанаға көбірек орын бергенді жөн көреді. «Бақсы», «Ғашықтар», «Муза», «Саяхат» сынды картиналары бұрынғы бабалар өмірімен жалғасқан рухани сабақтастықты бейнелейді. Темір бізімен түрлі түсті жіпті сүйреп әкеп, сүйріктей етіп сюжет жасайтын автор түр мен түс, кескін мен пішін, адам мен ғалам, уақыт пен мәңгіліктің мәнін өзінше түсіндіруге тырысады.

Қолөнер – ешқашан өлмейтін дүние. Өнер әрі кәсіп көзіне айналған кестелі картиналарға сұраныс қашан да жоғары. Мақсат үшін тер төккен адамға кеңістіктің жаңа жиектері ашыла береді. Мемлекетаралық мәдениет күндері, мәдени өнер алмасу, суретшілердің біріккен және жеке көрмесі, халықаралық өнер фестивальдары, байқауларға қатысу – әр суретшінің арманы. З.Мұхамеджан да танымды кеңейтіп, білімін арттыратын, өзгенің жетістігімен танысып, өз мүмкіндігін саралайтын көрмелердің бел ортасында көп жүрді. Зейнелханның бірталай туындысы биік өнердің бағасын білетін жеке коллекционерлердің қымбат қазынасына айналып, әлем мемлекеттеріне тарап кетті. Ең қымбат картинасы Лондондағы көрмеде сатылды. Кейде туындылары сатылып кеткен соң, іші қуыс тартып босап қалғандай, көңіліне алаң кіріп,

қиналатыны бар. Қайталап жасағысы келіп оқталғанымен, ол бекер тірлік. Ал кейде абстракция картиналардың нағыз алушысы табылып, шығармасы шын өнердің парқын білетін парасатты адамның қолына өтсе, қызын жақсы жерге ұзатып, көңілі жай тапқан әкенің күйін кешкендей, жаны байыз тауып, жүрегіне тыныштық орнап, олқы тартып қалған кеудесін жаңа идеялармен толтырудың қамына кіріседі.

Зейнелхан Мұхамеджанның есімі «Қазақстанның Рекордтар кітабына» енді, ол – «Мастер класс – 2000» халықаралық өнер фестивалінің лауреаты, Ташкентте өткен «Биеналле – 2001» халықаралық өнер фестивалінің дипломаты, ЮНЕСКО-ның «Сапа белгісі» сертификатының иегері. Ол Қазақстаннан өзге Германия, Швеция, Франция, Англия секілді алыс шетелдер мен Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан бастаған посткеңестік елдерде жеке көрмелерін өткізді. Ілгеріде жарық көрген «Қазақ кесте өнерінің тарихы» атты шағын кітапшасы алдағы уақытта мазмұны байытылып, үлкен альбом болып баспадан шыққалы жатқаны да көңіліне қуаныш ұялатады. Қырық жылға жуық серік етіп келе жатқан сиректеу өнер қызы Ботагөздің де бойына дарып, әке жолын жалғағаны тұқым-тектің заңдылығынан болар. Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясындағы сәндік-қолданбалы өнер факультетінің түлегі Ботагөз Зейнелханқызы тырнақалды туындыларымен-ақ келешегінен зор үміт күттіретін кесте өнерінің нағыз майталманы болатынын дәлелдеп жүр. Халықаралық «Шабьт» фестивалінде лауреат атанып, Кореяда жеке көрмесін өткізіп, басқа байқаулардан да жүлделі орын иеленіп жүргені әкесінің төбесін көкке жеткізіп, көңілін марқайтады.

Мәңгіліктің мәніне үңілген кесте өнерінің әлі де ашылмаған мүмкіндігі көп. Көркемдік кеңістігі өзге ешкімге ұқсамайтын суретшінің бірегей мазмұнды шығармаларының тақырыбы жыл өткен сайын құнарланып, ал күміс түстес біз салған символикалық бейнелер уақыт күткен ең өткір сөзді толғап келеді. З.Мұхамеджанның әр туындысы – әлемді нәзік әрі терең түсінетін шығармашылық адамының санасында тайталасатын ой дүмпуінің жемісі.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ